«ÓŃIRLIK OQÝ ORTALYǴY»
JAÝAPKERSHILIGI SHEKTEÝLI
SERIKTESTIGI

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«РЕГИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ОБУЧЕНИЯ»

120014, Qyzylorda qalasy,
Zandy meken-zhaiy: K. Baiseitova kóshesi, 104 «A»
Nakty meken-zhaiy: Y.Zhahaev kóshesi, 61
tel/faks: 8 /7242/ 264760, 87768775557
87714805133
e-mail: rco19@bk.ru

120014, город Кызылорда,
Юр. адрес: ул. К.Байсеитова 104 «А»
Факт адрес: Ы. Жахаева 61
тел/факс: 8 /7242/ 264760, 87768775557
87714805133
e-mail: rco19@bk.ru

23.12.2024ж № 310/24

Мекеме басшыларына

«Өңірлік оқу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарихы терең 2005 жылдан «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау өңірлік орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылып, бюджеттік сала қызметкерлерінің біліктілігін арттырып отырған облыстағы бірден-бір орталықтың ізін жалғастырушы. Бүгінгі күні аталған орталықтың жұмысын жалғастыру мақсатында құрылған «Өңірлік оқу орталығы» ЖШС қалыптасқан ізбен есеп, мәдениет, әлеуметтік, білім және өзге де салалар (сұранысқа сәйкес) мамандары үшін тиісті сала бойынша білікті, практик мамандарды тарта отырып семинарлар өткізуде. Орталықтың оқу процестерін ұйымдастырушы қызметкерлері де алғаш құрылғаннан келе жатқан білікті, мемлекеттік қызметте тәжірибесі бар, ғылыми дәрежелі мамандар.

Дәріскерлер:

- облыс әкімі аппараты, облыстық экономика және қаржы басқармасы, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы, облыстық бақылау жөніндегі басқармасы, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, облыстық білім басқармасы, облыстық мәдениет және спорт басқармасы, облыстық статистика департаменті, облыстық кірістер департаменті, еңбек, әлеуметтік қорғау және көші кон комитетінің облыстық департаменті, облыстық қазынашылық департаменті, облыстық тексеру комиссиясы – басшының орынбасары, бөлім басшылары;
- Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессор – оқытушылар құрамы;
- "Ақпараттық есептеу орталығы" АҚ, Қызылорда облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалы, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы;
- Сертификатталған кәсіби есепшілер, ревизор, аудиторлардан құралған;

➢ Семинар өзектілігіне және сұраныска сәйкес орталық атқарушы органдардың мамандары шақырылады.

Сондай-ақ, саласына қарай тыңдаушылар практикалық базаларда тәжірибе алмасады:

- ✓ Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы
- ✓ Назарбаев Зияткерлік мектебі
- ✓ Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры
- ✓ А. Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйі
- ✓ Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы
- ✓ Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі
- ✓ №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы
- ✓ №2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы
- ✓ Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы
- ✓ Облыстық мүгедектерді оңалту орталығы
- ✓ Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталығы
- ✓ Қызылорда қаласының оқушылар мен жасөспірімдер үйі
- ✓ Қызылорда облыстық жастар орталығы
- ✓ Қызылорда облыстық «Анаға тағзым» орталығы

Орталық қала орталығында, тұрақты өз оқыту базасы, дәрісханалары мен кітапханасы бар, тренингтер өткізуге арналған және интерактивті оқу материалдарына (электронды кітапхана, Internet-ресурс) қолжетімді аудиториямен қамтамасыз етеді. Аудитория компьютерлермен, интерактивті-маркерлі тақтамен және оқу үдерісін қажетті әдістемелік материалдармен жедел қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мультимедиялық аппаратурамен жабдықталған.

Қосымша баға ұсынымы тіркелді.

Құрметпен,
Директор **Р.Қ. Ысқақова**